

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 794 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 506 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 452 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 452 Қаулысымен.

1. "Тауарлардың кедендік құнын айқындаудың резервтік әдісін қолдану кезінде пайдаланылатын ақпараттық анықтамалық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 794 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ 2) тармақшадағы "(Қазақстан Республикасы)" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстандық сауда компаниялары мен тұрмыстық электр, компьютерлік техниканың және күрделі техникалық жүйелердің тауар өндірушілері қауымдастығы (ҚСЭКЖҚ) заңды тұлғалар бірлестігінің "Қазақстан Республикасына импортталатын тұрмыстық электр тауарларының бағалары бойынша ақпараттық анықтамалық".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі